

Капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылатын мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар шығару және алдағы шығарылымның жетекші менеджері, несиелік-рейтингтік және заң кеңесшілерін тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 тамыздағы N 1291

"1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 желтоқсандағы Заңына сәйкес және капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылатын мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарды шығаруды табысты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен 250-350 (екі жүз елу-үш жүз елу) млн. АҚШ доллары жалпы сомасындағы капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылатын мемлекеттік борыштық бағалы қағаздардың эмиссиясын, сондай-ақ оларды республикалық бюджетке орналастырудан қаражат түсуін жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 7 шілдедегі N 217 өкіміне сәйкес құрылған жұмыс комиссиясының капиталдың халықаралық рыноктарына орналастырылатын мемлекеттік борыштық бағалы қағаздардың эмиссиясын жүзеге асыру кезінде жетекші менеджер және несиелік-рейтингтік кеңесші етіп "JP Morgan" компаниясын сайлау туралы, сондай-ақ "White & Case" компаниясын алдағы эмиссияның заң кеңесшісі етіп сайлау туралы шешімі мақұлданын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджетте сыртқы займдарды орналастыру үшін комиссиялық төлеуге арналып көзделген қаражаттың есебінен алдағы эмиссияға қызмет көрсеткені үшін "White & Case" және "JP Morgan" компанияларына комиссиялық төлемдер төлеуге арналған шығындарды көздесін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылатын мемлекеттік борыштық бағалы қағаздардың эмиссиясына қатысты келіссөздер жүргізісін және құжаттарға қол қойсын, бұл ретте шығарылымның мерзімдерін оларға қызмет көрсетудің және өтеудің тәртібін айқындасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК